

“Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №5 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Қияқты ауылы

5 наурыз 2024 жылы

Күн тәртібі:

1. Қыналы негізгі орта білім беретін мектебінің өзін-өзі бағалау туралы

Тындалды:

Мектеп директоры: - Ж.К.Калиева: Біздің мектеп 2024 жылдың маусым айында Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің шешеіміне сәйкес мемлекеттік аттестациялаудан өтеміз. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарымен слайд арқылы таныстырып өтейін: Аттестациялау Қазақстан Республикасы Оку - ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Оку - ағарту министрінің 2023 жылғы қыркүйегінде “Бастауыш, негізгі орта, жылпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру, ұйымдарының білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті раставайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы” №473 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Оку - ағарту министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік аттестациялауға түсіп тұрған білім беру ұйымы жоспарланған мерзімінен кемінде екі ай бұрын өзін-өзі бағалау жүргізу керек. Өзін-өзі бағалау жүргізу үшін кемінде 5 (бес) қызметкерден комиссия құрылып, комиссия мүшелерінің арасында нақты тапсырмалар бөлінеді. Білім алушылардың даярлық деңгейінің сәйкестігін айқындау үшін 4,9 сыныптардың білім алушылары арасында оқыту нәтижелерін бағалау жүргізеді, яғни компьютер арқылы тест тапсырады. Оқушылардың жазғы каникулда болу себепті 4,9 сынып білімалушыларынан оқыту нәтижелерін бағалау (компьютерлік тест) мемлекеттік аттестация маусым айына жоспарланған мектептерден 2023-2024 оку жылының сәуір айында өткізіледі.

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта сауалнама мектеп алушылардың даярлық сыныбының ата-аналарынан, жылпы педагогтардан, 4,9 сыныптардың білім алушылары мен олардың ата-аналарынан алынады. Компьютерлік тестілеу және сауалнама нәтижелері бағалау критерийі болып табылады.

МАД сыныбы 9 тармақ (1), (2), (3), (4), (5), (6) тармақшалары; 10 тармақ (1) тармақшасы; 11 тармақ (1), (2) тармақшалары, барлығы 9 өлшемшарт бойынша бағаланады, ал орта білім беру: 12 тармақ (1), (2), (3), (4), (5), (6), (7), (8), (9), (10) тармақшалары; 13 тармақ (1), (2), (3) тармақшалары; 15 тармақ (1), (2) тармақшалары, барлығы 19 өлшемшарт бойынша бағаланады. Толтырылып болғасын мектеп сайтына орналастырамыз.

**Шығып сөйлеушілер:**

1. Оку ісінің орынбасары Г.Н.Бөлесинова: бүгін 4,9 сыныптардың білім алушыларының оқыту нысандары мен тілдері бойынша контингенті туралы мәліметті кесте түрінде дайындау және білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін онлайн форматта сауалнама алынатындықтан ата-аналардың аты-жөндерін, телефон нөмірлерін қатесіз жазып дайындау сынып жетекшілерге тапсырылды. Сауалнамаға қатысатын педагогтардың тізімін дайындауды өзіме қалдырамын. Тестіден жаксы нәтиже алу үшін пәндерден өткен тақырыптарды пысықтау жұмыстарын жүргізуді пән мұғалімдерінен сұраймын. МАД, шағын орталық тәрбиешілерінен өздеріне қатысты қосындыларымен жұмыстануды сұраймын.
2. Гуманитарлық пәндер бірлестігінің жетекшісі Р.М.Скакова: өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамына оку ісінің менгерушісі Г.Н.Бөлесинованы, тәрбие ісінің менгерушісі Ж.А.Отарбаева, информатика пәннің мұғалімі Ж.А.Жолдасовага ұсынамын.
3. Кәсіподақ комитеттің төрағасы К.С.Шалабаева: мен мектебіміздің психологы Косжанова Алтынгүлге ұсынамын. Барлық пән мұғалімдерін талапқа сай жұмыстануға шақырамын.

Шешім етті:

1. Мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес “Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. Білім беру үйімінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын және оларға нақты бағыттар бойынша тапсырмалар бөлініп берілсін:
  1. Ж.К.Калиева - комиссия төра이ымы
  2. Г.Н.Бөлесинова - директордың оку ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі
  3. Ж.А.Отарбаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі
  4. А.С.Косжанова - педагог-психолог, мүшесі
  5. Ж.А.Жолдасова - информатика пәні мұғалімі, мүшесі
3. Мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес “Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 11 наурыз – 26 сәуір аралығы болып бекітілсін.
4. “Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының материалдары 2 мамырға дейін сайтқа орналастырылсын.



Төраимінің штамбы  
Хаттықы: 